

**«Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» АҚ
сыйлықтарды, өкілдік шығыстарды, қайырмалдықтар мен
өзге де пайдаларды шектеу жөніндегі
НҰСҚАУЛЫҒЫ**

Жалпы ережелер

1. Сыйлықтарды ұсынуды немесе қабылдауды, шығыстардың төленуін, қайырмалдықтар төлеуді және осындай пайдалар алуды болдырмау мақсатында, «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2017 жылғы 16 қарашадағы № 318-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі» ұлттық стандартына сәйкес әзірленген рәсімдерді енгізді.

2. Осы Ереже Қоғамның ішкі актісі болып табылады. Осы Ереженің негізгі мақсаты Қоғам қызметкерлерінің Қоғамда еңбек міндеттерін/функцияларын орындау барысында туындайтын сыйлықтарды және өзге де материалдық және материалдық емес игіліктерді ұсыну/беру және қабылдау/алу тәртібін белгілеу болып табылады.

3. Осы Ереженің күші атқаратын лауазымы мен атқаратын функцияларының деңгейіне қарамастан Қоғамның барлық қызметкерлеріне қолданылады.

4. Қоғам қызметкерінің функционалдық міндеттерді, сондай-ақ жүктелген басқа да функцияларды орындауымен байланысты алынған немесе берілген, әдеттегі бағаны төлеу міндеті жоқ материалдық немесе материалдық емес нысандағы кез келген құндылық, оның ішінде ақша, бағалы қағаздар және өзге де мүлік, пайдалар мен мүліктік сипаттағы көрсетілетін қызметтер (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, ойын-сауықты, демалысты, көлік шығыстарын, несиелерді төлеу, жеңілдіктер, мүлік, оның ішінде тұрғын үйді пайдалануға беру, қайырымдылық салымдар, қайырмалдық және басқалар) сыйлық деп танылады.

5. Сыйлықтар мен өкілдік шығыстар саласындағы өзге де мәселелер Қоғамның тиісті ішкі нормативтік құқықтық актілерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

**Игіліктерді берумен және (немесе) алумен байланысты жағдайлар кезіндегі
қызметкерлердің іс-қимыл тәртібі**

6. Қызметкердің сыйлық алуы қызметкер мен сыйға тартушының теріс пиғылы немесе ақылға қонымсыз ниеті болмаса да, басқа қызметкерлер немесе өзге де адамдар (оның ішінде әріптестер, мемлекет және мемлекеттік органдар,

кәсіподақтар мен кәсіптік бірлестіктер, нарыққа қатысушылар) тарапынан теріс бағалануы мүмкін.

7. Қоғам қызметкерінің отбасы мүшелеріне, туыстарына немесе өзге де жақын адамдарына оның Қоғамдағы жұмысымен байланысты қандай да бір әрекеттер/әрекетсіздік жасауына орай берілген сыйлықтар осы Ереженің мақсаттары үшін қызметкерге берілген сыйлықтар болып саналады.

8. Осы Ережеде белгіленген сыйлықтарды қабылдауға қойылатын шектеулер отбасының айқын қатынастарына (ата-аналарының, балаларының, ерлі-зайыптылардың сыйлықтары) немесе жеке басының өзге де жақын қатынастарына, Қоғамдағы жұмысына қарамастан орын алатын достық қатынастарға негізделген қызметкер мен сыйлаушы арасындағы қарым-қатынастарға, сондай-ақ мұндай сыйлық қаламдар, дәптерлер, күнделіктер және басқалар сияқты корпоративтік кәдесый болып табылатын жағдайларда қарым-қолданылмайды.

9. Осы Ережеде белгіленген сыйлықтарды қабылдауға қойылатын шектеулер Қоғам қызметкерлері өз атынан үшінші тұлғалардың атына жіберетін қайырмалдықтар мен қайырымдылық жарналарына қатысты, сондай-ақ қызметкерлердің атына жіберілетін осындай қайырмалдықтар мен қайырымдылық жарналарына қатысты (емделуге, жақын туыстарының қайтыс болуына орай, дүлей зілзалалардың салдарын жоюға және т.б. қаражат жинау) қолданылмайды.

10. Кез келген шешілмеген сыйлықтар дереу қабылданбауы және сыйлаушыға қайтарылуы тиіс. Қоғам қызметкері іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтай отырып, сыйлық алған кезде тікелей сыйлық берушіге алған сыйлықты кешіктірместен қайтаруға міндетті.

11. Қызметтердің, тауарлар мен жұмыстардың кез келген түрін көрсеткені немесе алғаны үшін сыйақыларға, төлемдерге (қолма-қол/қолма-қол емес), сыйлықтарға және өзге де материалдық және материалдық емес игіліктерге тыйым салынады.

Қоғам қызметіндегі сыйлықтарды және (немесе) өкілдік шығыстарды шектеу жөніндегі регламент

12. Қоғамның өкілдік шығыстары, оның ішінде іскерлік қонақжайлылыққа жұмсалатын шығыстар Қоғам атынан және оның есебінен жүргізілуі тиіс, ал сыйлықтар мен қызметтер Қоғам атынан және оның есебінен ұсынылуға немесе көрсетілуі не жеке тұлғалар мен ұйымдардан, оның ішінде төменде көрсетілген өлшемшарттар жиынтығының сәйкес келуі шартымен Қоғаммен іскерлік қатынастары бар немесе осындайларды құруға ұмтылатын жеке тұлғалардан және ұйымдардан қабылдануы мүмкін:

1) өкілдік шығыстар мен сыйлықтар Қоғам қызметінің заңды мақсаттарымен, мысалы, бизнес-жобалардың тұсаукесерімен немесе аяқталуымен, келісімшарттардың ойдағыдай орындалуымен не жалпы қабылданған мерекелермен тікелей байланысты;

2) өкілдік шығыстар мен сыйлықтар қабылданған іскерлік практикаға сәйкес келеді және іскерлік қарым-қатынас нормаларының шеңберінен шықпайды (гүлдер, жарнамалық не имидждік сипаттағы кәдесыйлар және т. б.);

3) Қоғам атынан өкілдік шығыстар мен сыйлықтардың құны бірқалыпты болуға және өткізілетін іс-шаралардың мақсаттары мен ауқымдарына немесе оқиғаның маңыздылығына сай болуға тиіс;

4) өкілдік шығыстар мен сыйлықтардың мақсаты қызмет көрсеткені, салғырттығы, қамқорлығы, құқықтар бергені, мәміле, келісім, лицензия, рұқсат беру туралы белгілі бір шешім қабылдағаны немесе өзге де заңсыз мақсатта алушыға ықпал етуге әрекет жасағаны үшін жасырын сыйақы болып табылмайды;

5) өкілдік шығыстар мен сыйлықтар Қоғамның іскерлік беделіне нұқсан келтірмейді;

6) өкілдік шығыстар мен сыйлықтар осы Ереженің қағидаттары мен талаптарына, кәсіби этика қағидаттары мен іскерлік қарым-қатынастың этика нормаларын айқындайтын өзге нормаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына қайшы келмейді.

7) Қоғам және оның қызметкерлері атынан, үшінші тұлғаларға валютаның нысанына (қолма-қол/қолма-қол емес) және түріне қарамастан ақша түріндегі сыйлықтарға тыйым салынады.

13. Сыйлықтың рұқсат етілуіне немесе сыйлықтармен жұмыс істеу тәртібіне қатысты өзге мәселелерге қатысты күмән туындаған жағдайда, қызметкер Қоғамның тікелей басшысына және Комплаенс офицеріне түсініктеме алу үшін жүгінуге тиіс.

